

О ПОДПИСАНИИ МЕМОРАНДУМА

22 мая 2019 года был подписан Меморандум между КазУМО и МЯ им. Абылай хана и Администратором судов по г. Алматы. Это событие является значимым для обеих сторон, содействует укреплению связей между юридической наукой, образованием и судебной практикой.



Компетентностно-ориентированное обучение, внедренное в университете, кроме базы юридических знаний, направлено на то, что профессиональный юрист должен обладать еще комплексом определенных навыков, т.е. уметь применять свои знания на практике. Студенты и магистранты, обучающиеся специальностям «Юриспруденция», «Международное право» получили возможность проходить профессиональную практику в судах г. Алматы, присутствовать на судебных процессах, собирать материал для написания проектных работ. ППС кафедры «Международного права» смогут развивать научное сотрудничество, разрабатывая предложения по дальнейшему совершенствованию судебной системы с учетом международных стандартов, внедряя научные разработки и предложения повышать квалификацию в целях улучшения качества отправления правосудия и обучения.

Пресс-центр КазУМОиМЯ имени Абылай хана

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНКУРС «МОСТ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА»

24.05.2019 г. в Институте Конфуция в КазУМОиМЯ им. Абылай хана состоялся финальный этап международного конкурса «Мост китайского языка» (汉语桥). Студент 2 курса КазУМОиМЯ им. Абылай хана факультета Востоковедения по специальности «5В020700 Переводческое дело: китайский/английский язык» - Султанов Азим прошел отборочный этап и по результатам финального этапа конкурса занял 1 место. Наш студент показал наилучший уровень владения китайским языком. Руководителем студента является Сабигазина Сауле. Поздравляем наших студентов и преподавателей с победой!



Наш вуз аккредитован...

ПРЕИМУЩЕСТВО ОБУЧЕНИЯ В АККРЕДИТОВАННОМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ



В аккредитованном ВУЗе студенты гарантированно получают диплом государственного образца и у них всегда есть возможность продолжить обучение в магистратуре и PhD.

Независимое агентство аккредитации и рейтинга (далее - НААР) сообщает, что 24 мая 2019 года на заседании Аккредитационного Совета НААР принято следующее решение об аккредитации Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана:

1) о международной институциональной аккредитации АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана» сроком на 7 лет.

Данная статья больше ориентирована на студентов и будущих абитуриентов. Ведь выбирая ВУЗ для обучения именно всех поступающих и их родителей интересует вопрос «аккредитован ли ВУЗ?».

Что такое аккредитация? Многие путают прохождение высшими учебными заведениями аккредитации и присвоение им всевозможных рейтингов, таких как QS Ranking и Times Higher Education. И в этой статье мы это проясним.

Рейтинги – это более простая форма оценки, которая нацелена на доступные количественные показатели. Достоинства рейтингов в том, что они дают быструю информацию, что актуально в наш информационный век. Различные агентства проводят исследования в этой сфере и ежегодно публикует национальный рейтинг лучших вузов Казахстана.

По сравнению с рейтингами аккредитация – это более серьезный, глубокий процесс оценки качества работы на основе стандартов и критериев, всех составляющих деятельности вуза, в который вовлекается весь коллектив учебного заведения.

В соответствии с Государственной программой развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы, поручениями Президента страны Правительству по сокращению контрольно-надзорных функций в 2011 году было принято решение о введении независимой аккредитации, причем оно было закреплено на законодательном уровне. Лучшие вузы в соответствии с Законом РК «Об образовании» проходят аккредитацию. Для того чтобы пройти аттестацию, каждый университет в срок проверяется Национальным аккредитационным агентством. Проводится оценка уровня знаний как учащихся, так и преподавателей. Кроме того, обязательным требованием выступает наличие преподавания ряда специальностей и проведение научной деятельности университетом. Конечным итогом процедуры аккредитации является получение ВУЗом сертификата о государственной аккредитации, который подтверждает статус учебного заведения и качество предлагаемого образования.

2) о международной специализированной аккредитации образовательных программ:

5B011900 Иностранный язык: два иностранных языка (английский, немецкий, французский)

6M011900 Иностранный язык: два иностранных языка

6D011900 Иностранный язык: два иностранных языка

5B020700 Переводческое дело (английский, китайский, корейский, арабский, турецкий)

6M020700 Переводческое дело

6D020700 Переводческое дело

5B021000 Иностранная филология (английский, арабский, турецкий, корейский, китайский, японский, персидский)

6M021000 Иностранная филология

6D021000 Иностранная филология

5B020900 Востоковедение

6M020900 Востоковедение

5B020200 Международные отношения

6M020200 Международные отношения

6D020200 Международные отношения

5B050500 Регионоведение

6M050500 Регионоведение

сроком на 7 лет.

В этой связи поздравляем весь коллектив университета с успешным прохождением международной аккредитации и желаем дальнейших успехов по повышению качества образовательной и научной деятельности.

Пресс-центр
КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Ұлттық болмысты сақтау – рухани жаңғырудың басты шарты



Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет.
Нұрсұлтан Назарбаев

Бүгінгі заман талабына сай жаһандану үрдістері шарықтаған заманда халықтың халық болып қалуы, мемлекет іргесінің беріктігі оң шешім мен батыл қадамға байланысты болмақ. Сондай қадамдардың бірі – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Рухани жаңғырудың негізі – жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы тұрғысынан келгенде, мемлекеттің дамуы – ұрпақтың уақыт, заман талабына сай бейімделіп, өркениетті ел болып қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

Кез келген адамзат баласының рухани ұстанымы болады десек, ол – ұлты, діні, Отаны. Ал менің Отаным – Қазақстан деп мақтанып, нық айта аламын. Өйткені жүрегімде рухани құндылықтардың негізі қалыптасқан, бес жүз елу жылдан астам тарихы бар қазақ ұлтының өкілімін. Ұлттық болмыстың үш шыңы бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ол – салт-дәстүріміз, тіліміз, тарихымыз. Тіл – ол ұлтымыздың басты ерекшелігі. Кезінде батыр Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә», – деп жазған еді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Қазақстанда біршама іс-шаралар атқарылуда. Салт-дәстүрге бай болу елдің мәдениетті әрі тәрбиелі екенін айғақтайды. Ал қазақ халқы өскелең ұрпағын ұлттық салт-дәстүрге сүйеніп тәрбиелеп келеді. Яғни, салт-дәстүріміз адамды тура жолмен жүруге үйрететін ұлттық қазына іспетті десек те болады. Ал тарих – біздің

істеріміздің өткенінің куәсы, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, болашағымыздың асыл қазынасы.

Туған дала топырағы қанишама сырды жасырып жатқанын білу қиын. Көшпенділер дәуірінен қалған мәдени мұраларымыз да баршылық, олар – Қожжа Ахмет Яссауи кесенесі, алтын адам, Арыстан баб кесенесі және т.б. Міне, осылар – тарих көзі, ұлттық жәдігерлер. Қазақстанның тарихын рухани тұрғыда баянды қылу – қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Соның ең бастылары – ұлттық дүниетаным мен мәдени жәдігерлеріміздің бұрынғысын, кешегісін, бүгінгісін салыстыра қарап жастарға ұғындыру.

Өлке тарихын білетін адамдармен түрлі бағыттағы танымдық кездесулер мен іс-шараларды ұйымдастыру, экскурсиялық бағыт бойынша мәдени мұралар сақталған жерлерге бару арқылы жастардың тарихи-танымдық зердесін ашып, көзқарастары мен дүниетанымдарын кеңейту, оларды елі мен жерін сүйетін азамат ретінде тәрбиелеу – алдыңғы толқынға жүктелген міндет. Ал ол жүкті алып жүру – біз үшін үлкен парыз.

Қорыта айтқанда, ұлттық бірегейлікті, ұлттық болмысты сақтау арқылы қазақ халқы өзге өркениеттер тегеурініне төтеп береді және біртұтас ұлт ретінде сақталады. Ол үшін қазақ тіліне, ұлттық салт-дәстүрге, материалдық және рухани мұраларға дұрыс мән беріп, оларға құрметпен қарау қажет. Ел болашағы – жастарға дұрыс ұлттық тәрбие берілу керек. Жас ұрпақтың тарихи танымы күшті болса, ұлттық рухы да жоғары болады.

Гүлзінат Мырзалиева,

Шығыстану факультеті, 114-топ, қытай тілі

СТУДЕНТ БҰРЫШЫ

ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ АУҚЫМДЫ ЖОБА

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – бұл шын мәнінде ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба. Ол қоғам тіршілігінің барлық саласын қамтиды. Қоғамдық сананың жаңаруы ортақ әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың қажеттіліктерімен тікелей байланысты. Әрине, алдыға қойылған мақсаттарға жету үшін халықтың болашаққа деген сенімі қажет.

Менің ойымша, сананы жаңғырту әр қазақстандыққа әсер етуі керек. Әр адам сананың жаңғыруын жанымен сезініп, ұғынса ғана рухани жаңғыру мүмкін болады. Қазіргі заманда әр адамның өзіндік өмірлік стратегиясы болуы керек. Ал бұған сананың ашықтығы мен сапалы білім ғана көмектесе алады. Сол себептен де Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып отыр. Сонымен қатар рухани жаңғыру жолында бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу, ұлттық құндылықтар мен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Сонау ата-бабаларымыздан қалған мәдени мұраны сақтап, оларды одан әрі түлету болашаққа апарар жолдың бастамасы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі тарихқа деген көзқарасты түзету және ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Елбасының «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға ешкімнің қақысы жоқ» деуі де осының айғағы.

Жаһандану үрдісіндегі басты талап әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің қоғамдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік сахнада халқымыздың дәрежесін көтеріп, көптеген жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

Алдағы уақытта бүкіл еліміз бойынша жалғасын табатын жарқын істердің жүзеге асуына Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бұл бағдарламасы айқын бағыт-бағдар болатыны сөзсіз.

Инзура Нұршанова

Шығыстану факультеті,
106-топ, корей тілі

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАП ҚАЛУЫМЫЗ ШАРТ



Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында рухани жаңғыру жолында болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы өз көзқарасын білдірген болатын. Ол күллі әлемде Қазақ елінің өзіндік ерекшеліктері болып, жер жүзіне танылуын мақсат етті. Қазіргі қоғам, әлем тез қарқында дамып келеді. Біздің ел осы қарқыннан қалмау үшін кертартпа қағидалардан арылуы тиіс. Сонымен қатар жаңа тұрпатты жаңғыру жолында өз ұлттық кодын сақтап, дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарын мәңгі есінде қалдыруы тиіс. Яғни Қазақстанның әрбір азаматы жаңа технологиялар мен трендтерді үйрене отырып, өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық кодын әрдайым жадында ұстауы керек. Осыған байланысты еліміздің мәдениеті, білімі, өнері және әрбір адам әрқашан даму үстінде болып, рухани жаңғыруы тиіс. Бұл мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Қазіргі заман – бәсекелестік заманы болып табылады. Ал бәсекелестерінен қалып қойған елдің экономикасы құрдымға кетеді. Сол себепті Елбасы «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» секілді бағдарламаларды ұсынған болатын. Осы бағдарламалар бойынша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамына көшті.

Соңғы жылдары Қазақстан экологиясы, мыңдаған гектар жерлер эрозияға ұшырап,

ауа бүлініп жатыр. Мысалы Арал апаты, Семей полигоны үшін пайдаланылған жерлер, Каспий маңы ойпатынан өндірілген мұнайдың қалдықтары – бәрі ел экологиясын бүлдіріп отыр. Сондықтан әр азамат ысырапшылдық пен астамшылдықтан арылып, қоршаған ортаны таза ұстауға тырысуы керек.

XXI ғасыр – білімді ұрпақ пен көкірегі ояу жастардың заманы. Елбасының бағдарламасы бойынша қазіргі білім беру біртіндеп үш тілде жүргізілуге көшуде. Бұл дегеніміз – қазақстандықтар ағылшын тілін білу арқылы әлемдегі оқиғаларға жақын болады деген сөз. Сонымен бірге 2025 жылға қарай латын әліпбиіне көшу белгіленді. Ал латын әліпбиіне көшкен жағдайда біз әлемдік технологиялар тіліне жақын боламыз.

Қазақ халқы осы рухани жаңғыру жолында ұлттық бірегейлікті сақтап қалуы шарт. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен әдебиетіміз, музыкамыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – біздің рухани мәдениетіміздің бір парағы болып тұруы қажет. Менің ойымша қазақ халқы өзінің ұлттық болмысын сақтап, рухани жағынан жаңғырып, болашақта дамыған елдер қатарына қосыла алады. Өйткені бұл менің елім, өжет те, батыр бабалар елі, білімді жастардың елі.

Жансая Көкен

Менеджмент және халықаралық коммуникация факультеті,
113-топ, мейрамхана ісі
және мейманхана бизнесі



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жаңғырып тіліміз бен үніміз,
Дұрысталып келеді көрген күніміз.
Жаңғырып Астанамыз, бас қаламыз,
Мұнымен мәңгі біз мақтанамыз.

ӘКСПО-мыз қақ ортада бас қалада,
Тұрарлық тұрып-тұрып мақтағанға.
Саясатқа бір сілкініс ала келген,
Мұндай ғимарат бар қай қалада?

Рухани жағынан да бай халықпыз,
Ата-бабам кезінде де байқалыппыз.
Дін мен тілді қатар алған,
Біз қайтпас қайсар халықпыз.

Шындықты бүкпейміз,
Ел тағдырын жамандыққа тікпейміз.
Тарихым да бір сызатсыз,
Болашаққа бағдар бар күмәнсіз.

Елбасымыз елімізді тек жаңғыртып,
Келеміз бәрін артқа қалдырып.
Бұл жаңғыру – жаңашылдық нышаны,
Бұл жаңғыру – ата-баба арманы.

Латынға ауысып әліппеміз,
Біз қазір үлкен биіктеміз.
Себебі текті халықпыз,
Ақылдымыз, алыппыз!

Гүлсім Азатқызы,
Шығыстану факультеті,
101-топ, араб тілі

ҰЛЫ ДАЛАМЫЗДЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫН ҰЛЫҚТАЙДЫ

Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы тарихи құндылығымызды асқақтатудың үлкен бастамаларының бірі. Стратегиялық сипатқа ие бұл мақала көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдауға шақырады. Қазіргі кезде тарихымыздағы ұлы оқиғаларды әрбір қазақстандық білуге тиіс. Әрине, тарихымызда болған қаншама қайғылы оқиғаларды да ұмытпауымыз керек. Себебі, сол оқиғаларды жете біліп түсінген сайын тәуелсіздіктің қадірі, құны арта түседі. Міне, сол тарихтағы адамзаттың дамуына елеулі ықпал еткен ерекше құндылықтарымызды әлемге танытатын уақыт келді деп ойлаймын.

Осы «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында көрсетілген құндылықтарға барлығымыз жете мән берсек, төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін ұрпақтың көбейетіні анық. Елбасы нақты айқындап берген Ұлы Даланың жеті қыры барлық қазақстандық үшін мақтаныш болмақ.

Еліміз өзге елдерден керек мәдениетті өзіне сіңіргендей, біз де қазақ халқының мәдениетін оларға бере аламыз. Еліміздің тарихи ерекшелігін,

мәдениетін дәл солай әлемге таныта аламыз. Осы мақала елімізге дамудың тағы бір жолын ашып берді деп ойлаймын. Бұл мақаланы оқу арқылы тарихқа деген қызығушылық артады. Сол арқылы нағыз патриоттар пайда болатыны анық.

Ұлы даламыздың ғалам мәдениеті мен өркениетінде өзіндік орны бар екені белгілі. Оған ешкімнің таласы болмауы үшін, еліміздің тарихын, мәдени және рухани құндылықтарын дәріптеуді өзімізден бастағанымыз жөн. Қазір білім мен ғылым дамыған заманда өз тарихымыз бен рухани құндылықтарымызды жоғалтып алмауға тиіспіз. Себебі тарихын білмеген елдің, құндылығы сақталмаған елдің ертеңі бұлыңғыр екені аян. Өзіміздің ерекшеліктерімізбен әлемді әлі талай мойындата алатынымызға сенімдімін. Бұл мақала Ұлы Даламыздың ұлылығын ұлықтатар бастама деп білемін. Бұл – бүгінгі болмысымызды сараптап, болашағымызды бағамдауға арналған мақала екеніне кәміл сенемін.

Альбина Қажымұратова
Шығыстану факультеті,
114-топ, қытай тілі



НЫҚ ҚАДАММЕН АЛҒА БАСУҒА ТИІСПІЗ

XXI ғасыр – адамзат баласының ұлы жетістіктерге жетіп, технологияның жоғарғы деңгейде дамып, бәсекелестік пен көшбасшылықтың салтанат құрған заманы. Дәл қазір Ұлы даланың ұлы халқы – қазақ үшін нағыз тәуелсіз, мүмкіндікке толы кезең болып тұрғаны анық. Қазақтың әр перзенті – еліне өмірін арнаған ұлы тұлғалардың еңбегін ұмытпауы тиіс. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың айтуы бойынша: «Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз».

Елбасының қазіргі уақытқа сай, еліміздің мәдени, рухани, саяси дамуына үлкен бағыт берген құнды пікірі оның «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылды.

Қандай ел болмасын, өз еліне ерекше еңбек еткен бабаларын мақтан тұтады. Дәл сол секілді, біз де көз жетпес, кең байтақ ұлы даламыздағы ұлы адамдарымызбен мақтана аламыз.

Елбасы өз мақаласында «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу, сондай-ақ ұлы ойшылдар, ақындар, ел билеген

тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу мәселесі туралы айтады. Бұл қадам тарихта өшпес із қалдырған адамдарға жасалған үлкен құрмет деп білемін. Сонымен қатар, біздің ұлы тұлғаларымыздың өмірі мен елеулі еңбегі жөнінде тек қазақстандықтар емес, шет ел азаматтарының білуіне жағдайлар жасалу үстінде.

Қожа Ахмет Яссауи, әл-Фараби, Күлтегін, Бейбарыс, Тәуке, Абылай, Кенесары, Абай... Бұл тізімнің жалғаса беретіндігі анық. Осындай дана бабалардың ұрпағы болғандығымызды сөзсіз мақтан тұтамын. Болашақта барлық ұлы тұлғаларымыздың есімі әлем аренасында алтын әріптермен жазылып тұратындығына сенімдімін.

Еліміз жастарға сеніп, ұрпағына үміт артады. Осындай сенім мен үмітті ақтау үшін тарих пен қазіргі заманды таразы басында тең ұстап, нық қадаммен алға басуға тиіспіз. Біз – жастар, мемлекетіміздің қолдауымен, Елбасы ұсынған дара жолмен жүріп, аянбай еңбек етеміз. Бұл «қайратты қазақ» елінің жетістіктерінің тек бастамасы ғана болары ақиқат!

Меруерт Жантұрсынова

Шығыстану факультеті,

112-топ, қытай тілі

ТАРИХЫМЫЗДЫ ЖҮЙЕЛЕУ ҚАЖЕТ

Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» атты терең мазмұнды, тағылымы мол мақаласын жариялап, қалың жұртшылықты бір серпілтіп тастады. Ауыз толтыра айтып мақтанатындай тарихымыздың жеті қырын атай отырып, Елбасымыз өткенімізді тарих тұғырынан бағамдап, терең зерделеуге үндеп отыр. Мақаланың әр бөлімі өткенді сараптай отырып, бүгінмен ұштастыра ойластыра айтылған. Қазақ елінің тарихы түп-тамыры өте тереңде жатыр.

Күні бүгінге дейін қайталанбас өлке – Ұлы даланың ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын баяндап, мемлекет құрудағы тарихи ерекшелігімізді анықтауға мүмкіндік беріп отырғандай. Бұл мәселені көтеріп отырған себебі – Елбасымыз өткен тарихымыздағы ірі тарихи тұлғаларымызды халқымызға қайтаруды күн тәртібіне қойып отыр. Ежелгі заманды есептемегенде, патша үкіметі, одан кейін кеңес үкіметі кезеңдерінде елге белгілі тұлғаларымыздың есімі жоғалып немесе бұрмаланып беріліп жатты.

Тарихымызды жүйелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі деп ойлаймын. Өткенімізді зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар жүргізілгенімен, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса ғылыми айналымға түскен жоқ. Елбасымыз бұл

мәселені шешу үшін «Архив-2025» жоспарын негіздеп, оны жеті жылда жүзеге асыру алға қойылды. Архив деректерін жинақтап қана қоймай, ол барлық зерттеушілер мен жұртшылыққа қолжетімді болғанда ғана жұмыс нәтижесі көрінеді. Өткен ғасырда «Алаш» партиясының өкілдері қудаланды да, олар туралы шындықтардың беті ашылмай қалды. Бұл тек алашордашыларға ғана емес, 1931-1933 жылдары қазақтардың жаппай қырылуына байланысты наразылық білдіріп, қазақ халқының мүддесін қорғағандарға да қатысты мәселе. Олардан бөлек біз білмейтін жәйттер де өте көп. Ұлты үшін құрбан болған азаматтарымызды біз, жастар, құрметтеуіміз қажет. Елбасымыздың бұл мақаласы осы міндетті орындауға жол ашып бергендей.

Ұлтымыздың тарихын жүйелеуге барлығымыз жұмылатын болсақ, әрине, нәтижесі зор болмақ. «Толған ел тарихын таспен жазады, тозған ел тарихын жаспен жазады» демекші, туған еліміздің тарихын таспен жазатындай жөніміз бар және сол арқылы тәрбиеленуіміз керек.

Жәудір Көптік

Шығыстану факультеті,

113-топ, қытай тілі

СТУДЕНЧЕСКИЕ КЛУБЫ – ЭТО КРЕАТИВНЫЙ ПОДХОД В ОСВОЕНИИ ПРОФЕССИИ

17 мая в Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана в соответствии с Планом мероприятий по реализации Программы «Рухани жаңғыру» на 2019 год состоялась заседание студенческих научных кружков «Jamboree». Тема встречи этого года - «Студенческое научное сообщество: актуальные проблемы и пути трансформации». Целью мероприятия было обсудить проблемные аспекты студенческих научных кружков в университете, а также предос-

тавить платформу для обмена мнениями, чтобы найти новые способы оптимизации работы студенческого научного сообщества. На мероприятии была организована выставка работ студенческих научных кружков.

Мероприятие завершилось дискуссиями с докладчиками. Участники познакомились с Кумаром Мусаевым, который пояснил суть о Кайдзен, также другой спикер мероприятия Джозеф Уильямс объяснил особенности организации студенческих групп в Британии и ознакомил студентов со

способами привлечения внимания к кружку. Подведение итогов мероприятия завершилось принятием резолюции. В Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана действуют 21 студенческих кружков. В этих кружках студенты могут заниматься научной и творческой деятельностью в разных областях и делиться своими идеями. Студенческие клубы помогают молодым специалистам совершенствовать свои навыки и обмениваться знаниями по специальности.



Общая редакция – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – начальник управления УМО, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.

Редакционная коллегия: Отв. за выпуск, начальник изд. Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан

Подписано в печать: 24.06.2019 г., Заказ № 832. Тираж 100 экз.

Отпечатано в издательстве «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-03-84 вн. 24-19